

БӨЛІМ: ПСИХОЛОГИЯ

Мүмкіндігі шектеулі балаларды қорғау міндетіміз

ЖАРИЯЛАНДЫ
24.06.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/58601/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Ақмола облысы

Қорғалжын ауданы

Амангельді орта мектебінің

Әлеуметтік педагогы

Шарипова Санира

Мүмкіндігі шектеулі балалар қоғамнан алыс болмауы керек. Сол мақсатта мүмкіндігі шектеулі балаларды қатардағы балалармен оқыту қазіргі кезде көзделіп отыр. Осы бағыттағы мектебіміздің басты міндеті мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту болып табылады. Мұғалімдердің жалпы айтатын мүмкіндігі шектеулі балалар өзін көрсетуі керек қай жағынан болсын. Олай болай керек бірақ.....

Мұғалімнің бірінші мақсаты баланы таңғалдыру, оның қабілеті мен қызығушылығын ояту. Одан кейін мұғалімнің баланы қабілетін ашудағы жемісі. Осы бағыттағы жол өте күрделі деуге болады. Мұғалім тұлғасының жұмысындағы басты міндеті мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс болып табылады. Педагог мұғалім жалпы жанжақты болу керек, сыныпта жағымды орта қалыптастыру, әр түрлі тәсілдер, оқытудың әр түрлі стратегияларын пайдалану керек. Сонымен қатар өзін жоғары бағалау керек. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жеке бастың дамуында қалыптасады.

Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс мынадай бағытта жүргізілуі керек. Мектебімізде бала, педагогикалық ұжым, отбасы және баланың қоршаған ортасы мен құрдастары. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеудегі табысты мұғалім ең алдымен өз ісінің майталманы, өз кәсібін сүйетін, өз кәсібін алға жетелуші. Мұғалім өз

қызығушылығы бар, қабілетті, ғылыми және шығармашылық, кәсіби сауатты, интеллектуалды сонымен қатар психолог, тәрбие саласы бойынша әдіскер болу керек. Дегенмен де ол ең алдымен мұғалім мақсатқа жеткізетін. Бала тәрбиесіне соның ішінде адамзат тәрбиесіне деген көңілі терең мағынада жатыр. Халқымыздың тәрбие тәсілдері мен тәжірибелері ғасырлардан бастап жинақталып келеді. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы ұлттық деген сөздің астында елге деген, туған жерге деген құрмет жатыр. Ұлттық тәрбиенің мақсаты сана сезімі қалыптасқан ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қосу. Адам қолымен жасалған шексіз әлем мүмкіндіктері мен өзара байланысқан дәуірге қадам басты. Әрбір адам мен әрбір халықтың өз бетінше дербес өмір сүруі, дамуы құлшынысы дамып келеді.

Ұлттық тәрбие туралы айтқанда негізгі қағидалары туралы не айтуға болады?

Ақылды, намысқор және көпшіл бөлу өнегелі және арманшыл болып өсу, айтқан сөзді тыңдау, адамгершілігі мол және байсалды болу.

Өскен ортаның ықпалына мән беру табиғат заңдылықтарымен жануарлар дүниесімен өсімдік жамылғысымен танысу.

Ақылды, білімді болып өсу ақыл ойды дамыту әрекеттері дамыта отырып тәрбиелеу үрдістері.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытатын мұғалімдер алдына мынадай міндеттер қояды.

Баланың мектепке дайындығын анықтау

Тәрбиесіндегі кемістігін жою

Сабақты жүйелі жоспарлау

Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған ойындар жинағы

«Менің қазіргі және болашақтағы отбасым»

Ойынға отбасы мүшелерімен қатысуға болады. Бала екі тақырыпта немесе біреуінде болса да жұмыс жасайды.

«Пілдің аяғы»

Ата-аналармен және балалардың қарым қатынастарын жүзеге асыру. Ойынға қатысушылар жұп болып бөлінеді. Біреуі пілдің аяғы ретінде көрсетеді және осы рөлде көзқарасы бойынша сәйкес әрекеттер көрсетеді.

Тақырыбы: «Мен және сабақ»

Мақсаты: Балалардың әлеуметтік ортасымен байланысын нығайту, жасөспірімдер арасында мүгедек адамдарға қатысты он қарым қатынас қалыптастыру, қоғамдағы

мүгедек адамдарға деген адамгершілік қасиеттерге баулу.

Қолданылатын көрнекіліктер: суреттер, аялдаманың құрастырма суреттері, отбасы, мектеп достар суреттері

Түрі: ойын сабақ

Барысы: Құрметті дос! Мектебімізде мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Мен және сабақ» атты ойын сабақ өткелі тұр. Ойын сабағымыз мынадай кезеңдерден тұрады. Ойын сабағымызды бастамас бұрын бүгінгі күнге деген жылы лебіз айтып алсақ

Бүгінгі күнін жақсы өтсін

Сен мен үшін өте қымбатсын

Мен сені көргеніме қуаныштымын

Сенің осылай жүргенім маған ұнайды

Сен менің ең жақын досымсың

Менімен бірге әрдайым бол

Бірінші аялдама «Менің отбасым»

Мұнда оқушы үш тапсырма орындайды. Тапсырмаларды дұрыс орындасақ күн көзі жарқырай түседі.

Плакатқа салынған отбасы ағашы беріледі. Осыған отбасы мүшелерін орналастыр.

Ата, әже, әке, ана, көке, жеңге, аға, апа, өзін және т.б. туыстарын

Қиындылардан сурет құрау пазл құрастыру

Сіріңкеден үй макетін жасау

Келесі аялдама «Менің мектебім» деп аталады.

Берілген суреттердің жұбын табу керек.

Берілген суреттерде бар заттардан сөз тіркесін айту

Соңғы аялдама «Менің достарым»

Жапырақтарға қоңыздар мен көбелектерді орналастырып шық

Қорытынды бөлім

Мүмкіндігі шектеулі балалар қоғамнан алыс болмауы тиіс. Себебі олар да адамдар. Олардың ойы да, сана сезімі, таным қабілеті дамыған. Басқа балалармен ойнағанды жөн көреді. Сол себептен мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдайық.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.